



## БҰЙРЫҚ

«11» ақпан 20 25 жыл  
Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 46-нк  
город Актау

### «ПМПК қортындысы негізінде құжаттарды рәсімдеу және әдістемелік қолдау» тақырыбында облыстық семинардың қорытындысы туралы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 29.01.2025 жылғы №29-нқ бұйрығына сәйкес, ПМПК қорытындысы негізінде балалардың дамуында кездесетін ерекшеліктерді ескере отырып, оларға тиімді көмек көрсету үшін қажетті құжаттарды дұрыс рәсімдеу және әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 2025 жылғы 11 ақпанда «ПМПК қортындысы негізінде құжаттарды рәсімдеу және әдістемелік қолдау» тақырыбында өткізілген облыстық семинар (бұдан әрі – Семинар) хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларына:

- 1) Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметтің жұмысы жандандырылсын.
- 2) Облыстық семинарға қатысқан мамандармен мектепшілік, аудандық, қалалық деңгейде кері байланыс жұмыстары жүргізілсін.
- 3) Жүргізілген кері байланыс жұмыстары туралы ақпарат ағымдағы жылдың 28 ақпанына дейін әлеуметтік желіге жариялансын.

2. Орталықтың «Арнайы және инклюзивті білім беру» бөліміне:

Аудандық, қалалық деңгейдегі кері байланыс жұмыстарының өтуі қадағалансын.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Мамаеваға жүктелсін.

Директор

А. Кашкинов



## БҰЙРЫҚ

«29» қаңтар 20 25 жыл  
Ақтау қаласы

## ПРИКАЗ

№ 29-нк  
город Актау

### «ПМПК қортындысы негізінде құжаттарды рәсімдеу және әдістемелік қолдау» тақырыбында облыстық семинар өткізу туралы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес және ПМПК қортындысы негізінде балалардың дамуында кездесетін ерекшеліктерді ескере отырып, оларға тиімді көмек көрсету үшін қажетті құжаттарды дұрыс рәсімдеу және әдістемелік қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 11 ақпан күні «ПМПК қортындысы негізінде құжаттарды рәсімдеу және әдістемелік қолдау» тақырыбында облыстық семинар (бұдан әрі – Семинар) Ақтау қаласы, Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығында өткізілсін.

2. Семинар бағдарламасы бекітілсін (1-қосымша).

3. Аудандық, қалалық білім беру ұйымдарының басшыларына, №2 Аймақтық психологиялық педагогикалық медициналық консультациясы директорына:

Білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтер мен спикерлердің уақытылы қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. «Арнайы және инклюзивті білім беру» бөліміне:

1) Семинарды тиісті деңгейде ұйымдастыру, сапалы өткізу жауапкершілігі жүктелсін;

2) Семинардың өткізілуі туралы ақпарат әлеуметтік желілерге жариялансын.

5. Бұйрықтың орындалысын бақылау директордың тәрбие жөніндегі орынбасары А. Мамаеваға жүктелсін.

Директордың м. а.

А. Мамаева